

"Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының жекелеген берешектерін өтеу мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 5 қазандағы N 996

Банктер консорциумының ("Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы, "ТұранӘлем Банкі" жабық акционерлік қоғамы және "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы) "Қазфосфор" акционерлік қоғамына бөлген ақшаның қайтарылуын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірінші кезектегі мұқтаждары есебінен республикалық бюджеттен "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамының Банктер консорциумына берешегін өтеудің есебіне мынадай мөлшерде ақша бөлсін:

"Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамына 632 393 676 (алты жүз отыз екі миллион үш жүз тоқсан үш мың алты жүз жетпіс алты) теңге;

"ТұранӘлем Банкі" жабық акционерлік қоғамына 41 136 399 (қырық бір миллион бір жүз отыз алты мың үш жүз тоқсан тоғыз) теңге;

"Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамына 614 761 218 (алты жүз он төрт миллион жеті жүз алпыс бір мың екі жүз он сегіз) теңге;

2) 1997 жылғы 17 қарашадағы Кепіл шартына сәйкес бөлінетін ақша сомалары мөлшерінің негізділігін анықтау мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен қаржылық тексеру жүргізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі